

# *Тақырыбы:*

*Жер құқығы түсінігі, қайнар көздері*

Орындаған: Жұлдыз Аққу

Тексерген: Сауытбаева.С .Б

# Жоспар:

- 1. Кіріспе*
- 2. Жер құқығының қайнар көздерінің түсінігі*
- 3. Жер құқығы қайнар көздерінің жүйесі*
- 4. Қорытынды*
- 5. Әдебиеттер*

# *Кіріспе*

*Жер құқығы — құқықтың мемлекеттегі жер қатынастарын реттейтін саласы. Жер құқығы Қазақстан Республикасында дербес құқық саласы болып табылады. Оның негізгі міндеттері: жер учаскесіне меншікті құқығы мен жер пайдалану құқығының пайда болуын анықтау және оның дамуына жағдай жасау; жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығының өзгертілуі мен тоқтатылуы негіздерін анықтау; жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін белгілеу; жерді ұтымды пайдалану мен қорғау; топырақ құнарлылығын ұдайы қалпына келтіру; табиғи ортаны сақтау мен жақсарту мақсатында жер қатынастарын реттеу; шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын тең құқықпен дамыту үшін жағдайлар жасау; жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің жерге тиісті құқықтарын қорғау; жерге байланысты жылжымайтын мүлік нарығын жасау және оны белгілі деңгейде дамыту; жер қатынастар саласында заңдылықты нығайту. Қазақстандағы барлық жерге байланысты мәселелер Қазақстан Республикасының “Жер туралы” (2001) Заңымен реттеледі*

# Жер құқығының қайнар көздерінің түсінігі

- Құқық теориясы бойынша, **құқықтың қайнар көздері дегеніміз** — көп рет пайдалануға бағытталған, құқықтық бұйрық түріндегі мемлекеттің еркін білдірудің түрлі әдістерінен құралған жазбаша ресми құжат. Оларды орындауға міндетті мемлекеттік заңшығарушы органдар қызметінің көрінісі деп түсінуге болады.
- Құқықтың қайнар көздері заңдар және заңға сәйкес актілер нысанында көрініс табады. Заңдар мен заңға сәйкес актілер нормативтік құқықтық актілердің заңды күші бойынша бір-біріне иерархиялық қатынаста болады. Олар бір-біріне заңды күшіне байланысты тең емес. Құқықтың қайнар көзі ретінде ең жоғарғы заңды күшке Қазақстан Республикасының Конституция иеленеді. Себебі, Қазақстан Республикасының Конституциясы бүкілхалықтық референдумда мақұлданып ең жоғарғы заңды күшке ие болған. Ол құжатта былай делінген: **«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз».**

